

## Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясының мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 23 маусым 1993 ж. N 533

Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясын ("Мир" МТРК) құру туралы 1992 жылғы 9 қазандағы Бішкек қаласында Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы мемлекеттері басшыларының қол қойған Келісімін, сондай-ақ осы мемлекеттер үкіметтерінің Минск қаласында 1992 жылғы 22 қаңтар мен 1993 жылғы 28 сәуірде бірлесіп қол қойған шешімдерін орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жабық түрдегі акционерлік қоғам ретіндегі Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясын құру туралы Құрылтайшылар шарты мен 1993 жылғы 11 қаңтардағы Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясы құрылтайшылары жиналысының хаттамасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасында Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясының Ұлттық филиалы құрылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі құрылтай құжаттарына сәйкес: республиканың 1993 жылғы бюджетін дәлдеген кезде "Мир" МТРК-сын қаржыландыру жөніндегі үлестік қатысуға арналған 438,8 млн. сомдағы шығыс, соның ішінде Қазақстан Республикасының МТРК-ның жарғылық қорына акционерлік салым үлесіне енгізуге арналған 200 миллион сом, телерадиобағдарламаларын даярлау мен "Мир" МТРК-сын ұстатуға 234,8 млн. сом қарастыратын болсын;

"Мир" МТРК-ның Мемлекетаралық Үйлестіру Кеңесі белгілеген хабар тарату көлеміне сәйкес, сондай-ақ ресейлік сомның құнсыздануын ескере отырып, "МИР" МТРК-ның ағымдағы қызметін қаржыландыруға үлестік қатысуға арналған шығысты Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінде мұнан былай да жыл сайын көздеп отыратын болсын.

(4-5-6-7-тармақтар)

<\*>

ЕСКЕРТУ. 4,5,6,7-тармақтарының күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.04.09.

N 306 қаулысымен.

P980306\_

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК